



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

секілді міндеттерді атқарған. Ислам дінінде жұмыс берушінің озбырлық жасауына, ақша мен дүние-мүліктің соңын қуып, тек қара басының қамын күйттеуіне жол берілмеген. Бүкіл халық ретінде жақсы күнде де, жаман күнде де бірге болу, қиындықты да, қуанышты да бірге көру түсінігі нық орныққан.

Қолданылған әдебиеттер:

2. Mustafa Rafii, İslamda Sosyal Düzen, Çev. Ahsen Batur, Özdemir Basımevi, İst. 1975
3. Armağan, Servet, İslâm Hukuku'nda Tem Hak ve Hürriyetler, Ank.87, sh. 71 vd.
4. Watt. Muhammad at Medina and R. B. Serjeant "The Constitution of Medina." Islamic Quarterly 8 (1964) p.4.
5. Hayreddin Karaman, İslâm'da İşçi-İşveren İlişkileri: Haklar, Anlaşmazlıklar, Çözümler, <http://www.hayrettinkaraman.net/kitap/meseleler/0301.htm>
6. Құран Кәрім «Ағраф» сүресі, 7/85
7. Құран Кәрім «Нәжм» сүресі, 53/39
8. Мүслим, Иман, 38, 40.
9. Covenant on the Rights of the Child in Islam, OIC/9-IGGE/HRI/2004/Rep.Final. <http://www.refworld.org/pdfid/44eaf0e4a.pdf>
10. Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд, 4/299.
11. Abdullah Hatipoğlu, Modern Emek-Sermaye Münasebeti, Yeni Ümit dergisi, <http://www.yeniumit.com.tr/konular/detay/emek---sermaye-munasebeti-ve-islam>
12. Ahmet Tabakoğlu, “İslam İktisadında İşçi-İşveren Münasebetleri”, Çerçeve Dergisi, S. 20, Ekim 1997, s. 74.
13. Servet Armağan, Ana Hatlarıyla İslam Ekonomisi, Timaş Yay., s. 239.

УДК 342.4

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ:
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ОРНЫ**

Хамитов Дархан Муратович

darik09@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, заң факультеті, құқықтану мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекші – Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық құқық кафедрасының аға оқытушысы Хамзина М.Ғ.

Әр ел үшін Конституцияның енгізілуі мен қолданылуы – әрқашан да ерекше және әдеттегіден тыс оқиғаға айналады: ол арқылы қоғам жаңғырмалы мемлекеттіліктің көрінуін және ұлттық идеясын жүзеге асырады. Мемлекеттің негізгі заңы азаматтардың бір-бірімен, мемлекетпен қатынасын, сондай-ақ мемлекеттің өміріне тәртіп пен ұйымдастыруды енгізетін заңнаманың іргетасы болып табылады. Онда саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйенің аса маңызды жақтары, азаматтардың басты құқықтары мен міндеттері, елдің қоғамдық және мемлекеттік құрылымы бекітіледі. Конституция қоғамның маңызды салаларына (экономика, саясат, рухани өмір, әлеуметтік орта) мемлекеттік араласудың шектерін белгілейді. Профессор, з.ғ.д С.К. Амандыкова пайымдауынша, Конституция – мемлекеттің конституциялық құрылымның негізін салатын принциптерін, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының жоғары құқықтық кепілдіктерін бекітетін Басты заңы болып есептеледі [1;58 б.].

Тарихқа үнілсек, әр заманда әрбір жекеленген қазақ хандықтарының заңдары болған. Мысалы, «Қасым ханның Қасқа жолы» қазақ қауымының қоғамдық және құқықтық заңын қалыптастырды. Осы «Қасқа жол» бір ғасырға жуық өз қызметін атқарып, толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, «Есім ханның ескі жолы» заңдық жүйесі пайда болған еді. ХҮІІ

ғасырдың аяғында жасалған Тәуке ханның «Жеті жарғысы» Қасым хан мен Есім хандардың заңдар жүйесінің негізінде қалыптастырылды. Бұл заң неке және отбасы, жер дауларын, ұрлық пен тонаушылық қатынастарын қамтыды. Аталған үш заң қазақ халқының игілігіне қызмет етіп, құқықтық заңдылықты қамтамасыз етті [2; 72].

Еліміздің Конституциясының тарихы бірнеше кезеңнен өтті. Алғашқы Конституция 1926 жылы ақпанда ҚазАКСР ОАК-нің қаулысымен негізді түрде қабылданды. Бұл заң мемлекеттің басқару нысанын, билік және атқарушы органдарының құрылымын бекітті [3]. Келесі Конституция 1937 жылы 26 наурызда Х Бүкілқазақстандық съезінде қабылданған болатын. Онда мемлекеттік және қоғамдық тәртіп, азаматтардың құқықтарын қорғау міндеттері қарастырылды. Келесі оқиға 1978 жылы болды. Сол кездегі Конституция Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің IX шақырылымының кезектен тыс 7-ші сессиясында қабылданды. Айта кететін жайт, бұл Конституциялар кеңестік саяси-құқықтық жүйесін арқау етіп жасалынды. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданды. Осы құжат әлемдегі қауымдастықта еліміздің жаңа тәуелсіз және мемлекет статусын бекітті. 1993 жылғы Конституция парламенттік республика үлгісінің негізінде жасалынды. Сапасы мен мәні жағынан бұл Конституция бұрынғылардан әлдеқайда өзгеше еді. Өз тәуелсіздігін жариялаған жас мемлекет Ата Заңда тұңғыш рет Қазақстанның демократиялық, зиялы және біртұтас мемлекет екені, жері тұтас, ол бөлінбейді және оған қол сұғуға болмайтындығы, адамды оның өмірін, бостандығын ең қымбат қазына деп танитындығы және өз қызметін азамат пен қоғам мүдделері үшін жүзеге асыратындығы, Конституцияның ең жоғарғы заңдық күшінің барлығы, қазақ тілінің Мемлекеттік тіл екендігі және мемлекеттің құрылымы мен басқару органдары туралы толық аталып өтілді. Араға 2 жыл салып, 1995 жылдың 30-тамызында Қазақстанның 4-ші Конституциясы қабылданды. 3 жылдан кейін (1998 жылы 7 қазан) соңғы Конституциясының 1-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Одан кейін де өзгерістер мен толықтырулар болды (2007 жылы 21 мамыр). 9 бөлім, 98 баптан тұратын қазіргі Конституция дамыған батыс елдері: АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия мемлекеттерінің ең озық, бүгінгі күн талабына сай қағидалары енгізілген.

Дүниежүзінде әрбір мемлекеттің даму деңгейі сол мемлекеттегі азаматтардың жағдайы, олардың құқықтарының қорғалу деңгейіне қарап өлшенеді. Бұл жағынан алғанда, Ата заңымызда адамдардың бостандығы мен құқығына көп мән берілгендігі анық көрінеді. Тәуелсіз елдің ең маңызды жетістігі Конституциямыздың «Адам және азамат» деп аталатын 29-баптан тұратын 2-ші бөлімінде айқын көрінеді. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең болады. Адамның қадір-қасиетіне, жеке өміріне қол сұғылмайды. Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады [4]. Азаматтардың денсаулығын сақтауға құқығы бар және тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Конституцияда азаматтардың құқықтарынан басқа, міндеттері де көрсетілген. Әркімнің ҚР Конституциясын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен ар-намысын құрметтеуге, мемлекет рәміздерін құрметтеуге, белгіленген салықтарды төлеуге міндетті.

Экономикалық өрістегі құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз етуде Конституцияның 39-бабындағы ұйғарым маңызды болып келеді: «Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін». Мүдделер мен құқықты асыра пайдаланудағы өзара теңдікті сақтау мақсатында заң кейбір тыйымдар мен шектеулерді қамтиды. Мысалы, азаматтардың меншікті пайдалануы сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуі тиіс, азаматтардың субъективті құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру барысында басқа адамның құқықтары мен бостандықтарын бұзбауы тиіс [5].

Конституцияның нормалары өзінің іске асыруын және дамуын қазіргі таңдағы заңнамада орын алды. Осы заңнамада Азаматтық Кодекстің алатын орны ерекше. Себебі Азаматтық Кодекс тауар-ақша қатынастарының реттеу қағидаларының (меншік нысанының

теңдігін және оған қолсұғылмайтындығын, шарт теңдігі, субъектілердің құқықтық мәртебесінің теңдігі) негізін қалады. ҚР Ата Заңы адамдардың және азаматтардың құқықтық кепілдіктерін бекітеді. Мұндай кепілдік құқықтың заң жүзінде жүргізілуін қамтамасыз ету болып табылады. Ата Заңымызда адамның ажырамас табиғи құқықтары мен бостандықтары және демократиялық принциптер айқын көрсетілді. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауына, білікті заң көмегін алуға құқықтары бар. Сондай-ақ соттың үкімінсіз ешкім кінәлі деп есептелінбейді. Оны қылмыстық құқықта кінәсіздік презумпциясы дейді. Азаматтық Кодекстің 9-бабында белгіленгендей, құқықтары бұзылған адам өзіне келтірілген залалдың толық өтелуін талап ете алады. Ю.Г.Басин және М.К. Сүлейменов азаматтық құқықтарды қорғауды құқықтың қолсұғылмаушылығын қамтамасыз етуге, бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге, құқықты бұзатын әрекеттерді бұлтартпауға бағытталған заңмен қарастырылған шаралар жүйесі ретінде анықтайды [6; 461].

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі ҚР Конституциясының нормаларымен реттелініп отырады. Оны азаматтық құқықтың принциптерінен көруге болады. Конституцияның 13-бап 1-тармағында: «Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы», сондай-ақ 12-баптың 3-тармағында: «Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады» делінген. Бұл «азаматтық құқықтық қатынастардағы субъектілердің құқықтық мәртебесінің теңдігі» принципіне негізделеді. Азаматтың құқық қабілеттілігі ол туған кезден басталып қайтыс болған соң тоқтатылады және кез-келген ҚР азаматы мүлкіті мұраға алып, мұраға қалдыруға, республика аумағында еркін-жүріп тұруға және тұрғылықты жер таңдауға, материалдық және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге, сондай-ақ өзге де жеке және мүлкіткі құқықтары болады. ҚР Конституциясы тек негізгі экономикалық құқықтар мен бостандықтарды орнатпай, сонымен қатар оларды сақтау мен қорғауды қамтамасыз етеді. «Меншікке қолсұқпаушылық» қағидаты Конституцияның 26-бап 2-тармағында көрсетілген. Онда: «Меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі» деп айтылған. ҚР Конституцияның 18-бабы 1-тармағында: «Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар» деп жазылған. Бұл бап «жеке істерге кімнің болса да араласуына жол берілмейтіндігі» принципімен сәйкес келеді.

Конституция – қолданыстағы мемлекет құқығының жүйесінің өзегі, мемлекеттің құқықтық фундаменти және құндылықтары, институттары мен конституциялық құрылымның нормалары: адам жоғары құндылық ретінде, халық суверенитеті ресми түрде орнығатын ең жоғарғы құқықтық нысаны [7; 143 б.]. Конституция мен Азаматтық Кодекс халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының кепілі. Осы заңдарға бағыну, оларды сақтау және құрметтеу әр азаматтың парызы. Мемлекеттің Ата Заңы сонымен қатар мақсаттары демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекетті қалыптастыру болып табылатын мемлекеттің ішкі және саяси саясатының негіздерін анықтайтын аса маңызды саяси құжат болып табылады. Сонымен бірге ҚР Конституциясы тек Негізгі заң ретінде емес, сондай-ақ жаңа қоғамдық қатынастардың қалыптасу мен дамуына мүмкіндік беретін саяси-әлеуметтік акт негізінде үлкен мәнін иеленді.

Қорытындылай келе, ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың дәйексөзін келтіре отырып, мынаны атау жөн: «Конституция жолымен қатал жүру - мемлекеттің және азаматтық қоғамның табысты дамуының негізі, біз сол жолмен өмір сүруіміз қажет - бұл демократияның жоғары мектебінің өзі» [8]. Осыған орай демократиялық және легитимді жолды ұстайтын еліміздің Конституциясының тұғыры биік болатынын әбден айтуға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Амандыкова С.К. Становление доктрины конституционализма в Казахстане: Автореферат, 12.02. Алматы, 2005. – 552 с.

2. Артықбаев Ж. О. «Жеті жарғы» - Алматы: Жеті жарғы, 2012.- 192 б.
3. Құқықты құндылаған құжат.-<http://egemen.kz/old/2010/?p=13031>
4. Адамның азаматтық құқықтары.-<http://akikatkaz.kz/?p=578>
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1995
6. Азаматтық құқық: жоғары оқу орындарына арналған оқулық (академиялық курс)/ жауапты редакторлар: Сүлейменов М.К., Басин Ю.Г. –Алматы, 2003- 736 б.
7. Сартаев С.С., Назаркулова Л.Т. Становление Конституции Республики Казахстан: проблемы и перспективы. Алматы, 2002.-408 с.
8. Конституция бостандығымыздың негізіне айналды.- <http://www.nomad.su/?a=3-200508310115>

УДК 340

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Шерьязданова Дана Еркінбақытқызы

darling_jan@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰҰ Халықаралық құқық мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі - Ибрагимов Жамаладин Ибрагимұлы, з.ғ.к., доцент

Конституция терминін түсіндіретін болсақ, ол еліміздің нышаны және басты құжаты, онда аса маңызды құндылықтар, конституциялық құрылыстың нормалары мен институттары жеке әрі нақ бекітілген. Конституция елімізді тұрақты және қарқынды дамыту үшін негіз құрды, қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың басты қағидаттарын бекітті, маңызды әлеуметтік экономикалық және саяси реформалардың құқықтық іргетасын қалады. Ата Заңымызда әр қазақстандықтың конституциялық міндеті егжей тегжейлі түсіндіре қарастырылып, ерекше көрсетілген. Жалпы адамдық идеалдар іске асырылды, іргелі демократиялық қағидаттар, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының кепілдері бекітілді, адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына болып танылды. Және де ел көлемінде қолданылатын құқық нормалары Адам құқықтары жөнінде халықаралық стандартқа негізделген. Бұл Қазақстанның халықаралық деңгейде беделін көтерді, егенмендігімізді алғаннан кейінгі уақыттан қаншалықты жетілгеніміз, дамығанымыз, заман талабы мен «демократиялық» деген ұғымды енгізуі әлемдік нормалар бойынша жетілуіміздің көрінісі, бірақ дұрыс тандалған стратегиялардың арқасында қазақстандық нышанымызды сақтап қалғанымыз мәлім.

Конституция кез келген ұлттық, құқықтық жүйеде іргелі және алғашқы кезекте жасалатын №1 заң. Әрбір елдің конституциясы тек өзіне арналған. Сондықтан барлық мемлекетке сәйкес келетін әмбебап модель болмайды. Әр елдің конституцияда өз жолы бар және Конституцияны қабылдау ол әр дербес, тәуелсіз мемлекеттердің барлығына міндетті құжат емес. Оған бірден бір дәлелі Израиль, Ұлыбритания, Сауд Арабия, Ватикан мемлекеттерін алуға болады. Және де Ұлыбританияның бір тұтас конституциясы жоқ. Бірнеше ғасырлар бойы қалыптасқан конституциялық актілерге: парламент заңдары, сот прецеденті, келісімдер мен әділеттік право салалары жатады

Мысалы, Израиль мемлекетінде нақ бекітілген Конституциясы жоқ. Бұл мемлекетте 1984 жылы сот атқарушылары жайында қабылдан негізгі заң және он бір жергілікті заңнамалары, нормалар мен құқықтық салалары бар.

Бұл мемлекеттерде Конституцияның жоқтығы мүлдем заңның және ереженің жоқтағын көрсетпейді, себебі ешбір мемлекет заң жүзінде бекітілген ережелер немесе нормаларсыз өмір сүре алмайды. Араб, мұсылман елдері Конституцияның орнына шарият заңдарына бағынатыны мәлім. Негізінен шарият соты төрт ұғымның басын біріктіреді. Олар: Қасиетті Құран Кәрім, Пайғамбардың (с.ғ.с.) сөздері мен істерін талдайтын дәстүрлі